

Спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолданудың қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2023 жылғы 28 шілдедегі № 203 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 шілдеде № 33185 болып тіркелді.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
Министрінің міндетін атқарушы

С. Құранбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
Министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 28 шілдедегі
№ 203 бұйрығымен
бекітілген

Спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолданудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолданудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 6-тармағына сәйкес әзірленді және спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолданудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар барлық дене шынықтыру және спорт ұйымдарында (бұдан әрі - ұйымдар) қолданылады.

3. Атыс тирлерде (атыс орындарында) атыс жүргізілетін арнайы орындарда және стендтерде ірі калибрлі, кіші калибрлі, пневматикалық (үрлемелі қуаты 7,5 Джоульдан жоғары және калибрі 4,5 миллиметрден астам) және стендті қарудан атыс, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 637 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21281 болып тіркелген) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар беру кезіндегі рұқсат талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

4. Атыс тирлерде (атыс орындарында) және стендтерде қатаң түрде спорт жұмысының жоспары (күнтізбелік жоспары) немесе ұйымның басшысы бекіткен сабақ кестесі бойынша жүргізіледі.

5. Спорттың атыс түрлері бойынша (оқ ату, стендті, практикалық) оқу-жаттығу сабақтарын атыс басшылары өткізеді.

6. Атысты басқаруға жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар, спорт төрешілері жіберіледі.

Нұсқаушылар атыс жетекшілігіне рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) Азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламасына сәйкес азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламаларынан өтеді.

7. Атыс тирінде (атыс орнында) және стендте атыс басшысы атысқа қатысушылардың осы Қағидаларды, пысықталатын жаттығулардың шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 562 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18881 болып тіркелген) Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау

қағидаларын (бұдан әрі - Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары) сақтауын қамтамасыз етеді.

8. Спортшыға немесе атыс басшысына қару-жарақ бөлмесінен қару беру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының (бұдан әрі - Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидалары) талаптарына сәйкес қол қою арқылы жүзеге асырылады.

9. Атыс тирлерде (атыс орындарында) және стендтерінде қызметкерлерді, спорт клубының мүшелерін, спортшыларын және атыс басшыларын өткізу рұқсат қағазы бойынша, ал атушы спортшыларды - атыс орнын жалға алған ұйымдардың әкімшілігі растаған тізім бойынша, жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ қаруды сақтау және алып жүру құқығына рұқсаттар көрсету арқылы жүргізіледі.

10. Қаруды тазалау және оларды атуға дайындау ұйымның арнайы бөлінген орнында жүргізіледі.

11. Спорттық жарыстар, оқу-жаттығу жиындарын өткізу кезінде басқа елді мекендердің спортшылары мен командаларының қатысуымен оларды өткізу орындарында спорттық-бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырушылары қару мен патрондарды уақытша сақтауды ұйымдастырады, осы мақсатта Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының талаптарына сәйкес қару мен патрондарды сақтау үшін белгіленген стационарлық үй-жайлар пайдаланылады.

2-тарау. Спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолдану мен қауіпсіздік тәртібі

12. Атыс кезіндегі қауіпсіздік оның барлық қатысушыларының жоғары тәртібімен, атыстарды нақты ұйымдастырумен және осы Қағидалар мен қауіпсіздік шараларының Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларына сәйкес сақталуымен қамтамасыз етіледі.

Әрбір атыс тирінде (атыс орнында) және стендте осы Қағидалардың негізінде ерекшеліктер мен жергілікті жағдайларды ескере отырып, атысқа қатысушылардың барлығы жақсы білуі және орындауы тиісті Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларына сәйкес нұсқаулық әзірленеді және көрнекі жерге ілінеді.

13. Атыс тирінде (атыс орнында) және стендте атқыштар мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ атыс аймағына адамдар мен жануарлардың өтіп кету мүмкіндігі шектеледі.

14. Қарудың материалдық бөлігін меңгермеген, оны қолдана алмайтын және Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білмейтін атқыштарға атуға рұқсат берілмейді.

15. Атыс шеңберінен немесе арнайы жасалған жаттығу аймағынан тыс кез-келген қару тысқапта, қаптамада, қорапта (жәшікте) немесе қапшықта болады, бекітпесі ашық және қауіпсіздік жалаушасы салынған, стендтік қару жиналған түрінде, ал жартылай автоматты қарудың бекітпесі ашық болады. Қару қаптамадан, орамнан, қапшықтан атыс аймағында шығарылады.

Атыс тирінің (атыс орындарының) аумағында қаруды тысқапсыз, қаптамасыз алып жүруге, қарудың оқпанына салынған қауіпсіздік жалаушасы анық көрінетін кезде ғана рұқсат беріледі, бұл ретте қарудың оқпаны қауіпсіз бағытқа бағытталған болады.

Спорттық жарыстар өткізу кезінде қару-жарақпен арнайы бөлінген орындарда патронсыз, ашық ысырмамен және қауіпсіздік жалаушасы салынған дайындық қалпында жаттығуға рұқсат етіледі.

16. Траншеялық стендтегі атқыш сол жағындағы атқыш атуға дайындалғаннан кейін ғана мылтықты жаба алады. Атқыш бір жердегі ату орнынан екінші жерге мылтықты ашық түрде, ал автоматты мылтықты - оғы алынған, ұңғысы жоғары көтерілген күйде көшуі тиіс. Атқыш бесінші атыс орнынан бірінші орынға ауысуы кезінде мылтық ағытылуы керек, патрондар мен гильзалар одан алынуы тиіс.

17. Оқталатын патрондардың саны "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 1-тармағымен бекітілетін Спорт түрі бойынша қағидалармен айқындалады.

18. Жаттығуларды орындау кезінде және дайындық кезінде атқыштың патрондар мен оқжатар алынғаннан кейін ғана қаруды ұңғысын атыс желісіне қаратып қоюына (қолынан шығаруына) болады. Бұл ретте винтовкалар мен тапаншалардың оқтамалары ашық қалады, ал оқпандарға қауіпсіздік жалаушалары енгізіледі.

Жаттығуды орындау кезінде атудың барлық түрлерінде атыс желісінен қару атыс басшысының пәрмен бергенде шығарылады.

19. Атыс аймағында адамдар немесе жануарлар байқалған кезде әрбір атқыш атыс басшысы "тоқта" және "оқты ал" пәрмен бергенде немесе өз еркімен оқ атуды тоқтатуы тиіс.

20. Жаттығуда соңғы рет атқаннан кейін (немесе "тоқта" және "оқты ал" деген пәрмендер берілгеннен кейін) атқыш қаруды босатып, оқпанға қауіпсіздік жалаушасын қояды.

21. Мыналарға:

атыс үшін ақауы бар қару беруге;

атыс желісінен тыс немесе оқу-жаттығу процесі үшін арнайы белгілінген орыннан тістұрып атысқа дайындалуға және нысанаға немесе басқа да заттарға көздеуге;

атыс басшысының рұқсатынсыз атыс желісінде қаруды оқтауға немесе атуға;

қарумен кез-келген қимыл жасағанда (атыс кезінде, қайта оқтау кешігу, атылмай калуы) қаруды атыс желісінен басқа жаққа бұруға;

атыс аймағында адамдар немесе жануарлар болған кезде қаруды ұстауға;

ақауы бар қарудан оқ атуға;
атыс желісінде оқталған қаруды немесе құлыпты жабық қалдыруға;
қаруды қараусыз қалдыруға атқыш қарамағындағы қаруды оның рұқсатынсыз қолға алуға немесе ұстауға;
оқталған қаруды атыс желісінен алып шығуға;
жаттығуды орындауға жатпайтын заттарды (раманы, тросты, жабдықтарды, жалаушаны, қалқанның нөмірлерін) атуға;
стенділік мылтықтарда иыққа асатын белбеудің болуына;
жабық стенділік мылтықты көрермендерге қарай бұруға, сондай-ақ мылтықтан патрондар мен атылған гильзаларды шығармай ату орнынан кетуге;
басқа бір атқыштың нысанасын көздеуге және оны атуға, атыс шебінде пайда болған құстар мен жануарларды атуға;
жабық стенділік мылтықпен атыс алаңынан тыс жерде жаттығуға жол берілмейді.

22. Атыс үзілген жағдайда (техникалық және басқа да себептермен) барлық атқыштардың мылтықтары ашық болады. Мылтықты атыс басшысын пәрмен бергеннен кейін жабуға болады.